

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Қаржы және несие**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Қаржының мәні туындайды:

- A) ақша эмиссиясынан
- B) тауар-өндірісінің негіздерінен
- C) экономикалық заңдардың іс-әрекетінен
- D) ақша нысанындағы құн қозғалысынан
- E) қаржы жүйесін ұйымдастырудан

2. Қаржылар бөлгіштік тұжырымдамасы бойынша екі негізгі қызмет атқарады:

- A) бөлу және реттеу
- B) бөлу және бақылау
- C) реттеу және бақылау
- D) жинақтау және қайта бөлу
- E) қайта бөлу мен реттеу

3. Орталықтандырылған қаржыларға жатады:

- A) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар
- B) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие
- C) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие, кәсіпорын мен ұйымдар қаржылары
- D) мемлекеттік бюджет, мемлекеттік несие, тұрғындар қаржылары
- E) мемлекеттік бюджет, тұрғындар қаржылар

4. Қаржы мына категориялармен өзара байланыста болады

- A) баға, несие
- B) несие, еңбекақы
- C) баға, сақтандыру, еңбекақы
- D) сақтандыру, несие, баға
- E) баға, несие, еңбекақы, сақтандыру

5. ҚР қаржы жүйесі буындарының саны:

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5

6. Болжаулық дәрежесіне қарай жіктелетін инфляция түрі

- A) Импортталған
- B) Теңдестірілген
- C) Экспортталынған
- D) Теңдестірілмеген
- E) Күтілген

7. Чектердің келесідей түрлері бар:

- A) жай және күрделі
- B) қымбат және арзан
- C) атаулы және ордерлі
- D) жай және артықшылығы бар
- E) атаулы, ордерлі, мәлімдеуші, есеп айырысу, келісілген

8. Қазақстан Даму Банкі \_\_\_\_\_ жылы құрылды

- A) 1991
- B) 1998
- C) 2005
- D) 2001
- E) 2010

9. Отандық экономиканың өсуіне және қоғамның өндіріс тиімділігін көтеруге бағытталған инвестициялық қызметті белсендендіру \_\_\_\_\_ негізгі мақсаты

- A) Инновациялық саясаттың
- B) Ақша-несиелік саясаттың
- C) Валюталық саясаттың
- D) Инвестициялық саясаттың
- E) Баға саясатының

10. Белгілі бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өмір сүретін қаржы қатынастары мен қаржы мекемелерінің жиынтығы.

- A) Қаржы құқығы
- B) Қаржы механизмі
- C) Қаржылық бақылау
- D) Қаржы жүйесі
- E) Қаржы саясаты

11. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган және ішкі бақылау службалары жүзеге асыратын мемлекеттік қаржылық бақылау

- A) Тақырыптық бақылау
- B) Аудиторлық бақылау
- C) Кешенді бақылау
- D) Камералды бақылау
- E) Ішкі бақылау

12. Мультипликатордың тұжырымдамасы жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) ауқымын екі әдіспен анықтаудан барып шығады:

- A) кірістер бойынша
- B) төлемдер мен алымдар бойынша
- C) төлемдер мен шығыстар бойынша
- D) кірістер мен алымдар бойынша
- E) кірістер және шығыстар бойынша

13. Инфляциялық процесстің сипатына қарай инфляция түрлері:

- A) орташа, баяу, тез
- B) баяу, лезде, ұшқыр
- C) баяу, орташа, ұшқыр
- D) локальдық, дүниежүзілік
- E) ашық, жабық, инфляциялық шошыну

14. Экспортты қолдау құралы ретінде өнімді сатуды қаржыландыру мақсатында сатып алушыға немесе оның банкіне берген несие

- A) Инновациялық
- B) Факторингтік
- C) Ломбардтық
- D) Экспорттық
- E) Форфейтингтік

15. Банктің сеніміне кірген, төлем қабілеті жоғары клиенттерге берілетін несие

- A) Маусымдық несие
- B) Сенім несиесі
- C) Тұтыну несиесі
- D) Ломбардтық несие
- E) Ипотекалық несие

16. Корпоративті табыс салығын төлейді

- A) Жеке тұлғалар
- B) Жеке кәсіпкерлер
- C) Заңды тұлғалар
- D) Мемлекеттік мекемелер
- E) Арнаулы салық режимін пайдаланушылар

17. Мемлекеттік уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін және (немесе) құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлем

- A) Кеден бажы
- B) Консулдық алым
- C) Аукциондық алым
- D) Төлемдер
- E) Мемлекеттік баж

18. Салық салу объектісінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамаларын білдіретін, оның негізінде салықтың сомасы айқындалады

- A) Салық ставкасы
- B) Салық декларациясы
- C) Салық кезеңі
- D) Салық базасы
- E) Салық субъектісі

19. Заңды тұлғалардың көлік салығын төлеуді салық кезеңінің \_\_\_\_\_ кешіктірмей төлеуі тиіс

- A) 5 тамыздан
- B) 5 желтоқсаннан
- C) 31 желтоқсаннан
- D) 5 шілдеден
- E) 30 қаңтардан

20. Қозғалтқыш көлемі 4000 текше см-ден жоғары жеңіл автокөліктер үшін салық мөлшерлемесі

- A) 100 АЕК
- B) 105 АЕК
- C) 127 АЕК
- D) 117 АЕК
- E) 150 АЕК

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Ұйым қаржысы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Айналым қаржыларына жатады

- A) патенттер, лицензиялар
- B) қаржы құралдары, дайын өнім
- C) транспорт құралдары
- D) лицензиялар
- E) ғимараттар, құрылыстар

2. Кәсіпорын капиталының өзінің ағымдағы активіне салынған бөлігі

- A) айналым капиталы
- B) меншікті капитал
- C) жарғылық капитал
- D) қосымша капитал
- E) резервтік капитал

3. Қазіргі Қазақстандық заңдылық банкроттық үрдісін бір жағынан Азаматтық кодекспен заңдық арбитраждық сотта қарастырса, екінші жағынан қарастыратын кодекс

- A) қаржы кодексі
- B) экономика кодексі
- C) статистика кодексі
- D) қатаң заң кодексі
- E) қылмыстық кодекс

4. Кәсіпорынның шаруашылық қызметтеріне, банкроттылықты талдау үрдісіне әсер етуші сыртқы факторлар ретінде неше түрі қарастырылады

- A) 4
- B) 5
- C) 3
- D) 6
- E) 7

5. Шаруашылық қызметінің нәтижелері және оны жүргізу үшін жауапкершілік жүйесін анықтайтын принцип

- A) материалдық жауапкершілік
- B) өзін-өзі қаржыландыру
- C) шаруашылық дербестік
- D) қаржы резервтерін қамсыздандыру принципі
- E) мемлекет тарапынан қаржыландыру

6. Қазақстан Республикасында акционерлік процессті қолға алған жыл

- A) 1993
- B) 1995
- C) 1990
- D) 1991
- E) 1994

7. Акционерлік қоғамның атқарған қызметінің нәтижесі бойынша акция иелері алатын табыс

- A) дивидент
- B) табыс
- C) салық
- D) ақша
- E) есеп

8. Кәсіпорынның меншікті қаржыларының негізгі бастапқы көзі

- A) жарғы капиталы
- B) қосымша капитал
- C) резервтік капитал
- D) жинақтау қоры
- E) тұтыну қоры

9. Максималды табыс табу мақсатында өндірістің қаржысын басқару жүйесі

- A) өндірістің қаржы ресурстары
- B) өндірістің қаржы механизмі
- C) қаржы құралы
- D) қаржы есебі
- E) қаржы әдісі

10. Акционерлік қоғамның баланстық таза табысы қандай жолмен қарастырылады?

- A) қаржылық
- B) оперативтік
- C) заңнамамен
- D) кумулятивтік
- E) вексельдік

11. Бизнес – жоспардың басты мақсаты

- A) кәсіпкерлік қызметті кеңейту
- B) кәсіпкерлік есеп өнімі
- C) іскерлік менеджмент жолы
- D) ұйымның қаржылық есебі
- E) экономикалық негіздер есебі

12. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін, яғни әлеуметтік-мәдени, ғылыми-техникалық және коммерциялық емес сипатқа тән қасиеттер бойынша қажетті қаржылық ресурстар көлемін анықтау мен қамтамасыз ету

- A) ағымды, стратегиялық, жылдық есеп болады
- B) коммерциялық емес ұйымдарда қаржылық жоспарды құру мақсаты
- C) коммерциялық емес ұйымдарда қаржылық есебі
- D) қаржылық жоспарды құру мен ұйым жұмысы
- E) заңды тұлғалар есебі

13. Мемлекет бір нақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер

- A) нарықтар
- B) шығындар
- C) құжаттар
- D) салықтар
- E) өнімдер

14. Салық режимі төмендегілердің арнайы қатынастарын қарастырады

- A) жер салығы, көлік құралдарына салынатын салық, жер қойнауын
- B) қызмет эпизодтық сипатта болуы шарт
- C) шағын кәсіпкерлік субъектілер мен шаруа қожалығы
- D) кәсіпорынның шаруашылық жолдары
- E) өнім өңдеу мен қызмет салығы

15. Жалға беруші мен жалдаушы арасындағы қаржы қатынасының ерекшелігі

- A) жалға беруші кәсіпкерлік қызметпен айналысады
- B) жалға алушы мен жалға берушінің меншікті формасы бір
- C) жалға алушы мен жалға берушінің меншікті мүлігі бар
- D) жалға алушы мен жалға беруші кәсіпкерлік қызметпен айналысады
- E) аренда төлемінің міндетті төлемдер қатарында болуы

16. Коммерциялық тәуекелді қамсыздандыратын қамсыздандыру қорлары

- A) кәсіпкерлікті қолдау қорлары
- B) инвестициялық қор
- C) жарғы қоры
- D) резервтік қор
- E) жинақтау қоры

17. Кәсіпорындарда нәтижесінде құнды қағаздармен операциялар жүргізіледі

- A) қаржы-несие жүйесінің қатынасы
- B) кәсіпорынның банктермен қатынасы
- C) кәсіпорынның қаржы қорымен қатынасы
- D) кәсіпорындардың қаржы жүйесімен қатынасы
- E) әлем қорымен қатынасы

18. Кәсіпорын мен оның жұмысшылары арасында қаржы қатынастары пайда болады

- A) жарғы капиталын қалыптастыру себебінен өндірісті құру кезінде
- B) шығындарды қаржыландыру, табыстарды үйлестіру және қайта бөлу себебінен
- C) коммерциялық банктерде ақшаларды сақтағанда
- D) инвестициялар мен жекешелендірулерді орналастыру барысында
- E) акцияларды шығару және орналастыру, пайыздар мен дивиденттерді төлеу, әртүрлі айыппұлдар, жеке тұлғалардан ұстап қалулар кезінде

19. Өзіндік құнды дайын өнімге бөлшектеп тозу мөлшері бойынша өткізетін өндіріс

- A) амортизация
- B) қор қайтарымы
- C) негізгі қор
- D) тиімділік
- E) дайын өнім

20. Құн қозғалысын тудыратын және ақша төлемдері мен есептер ағынымен ілесетін экономикалық процесс

- A) кәсіпорынның қаржы ресурстары
- B) шығындар
- C) қаржылық қалыптасуы
- D) экономикалық құжаттар
- E) кәсіпорын балансы



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Шығын нормасы қамтиды

- A) шикізат қалдығын
- B) мөлшерленетін шығындарды
- C) қосымша жұмысшылар еңбек ақысын
- D) таза шығынды
- E) бөлменің жарықтандыру шығындарын
- F) ғимараттың жөндеу шығындарын
- G) материалдар шығындарын
- H) технологиялық қалдықтарды

22. Бағалы қағазға жатады

- A) акция
- B) чек
- C) вексель
- D) куәлік
- E) лицензия
- F) облигация
- G) патент
- H) кезең шығындары

23. Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формасы

- A) серіктестіктер
- B) консорциумдар
- C) концерндер
- D) транс ұлттық корпорациялар
- E) синдикаттар
- F) қоғамдар
- G) кооперативтер
- H) ассоциациялар

24. Арнайы салық режимі \_\_\_\_\_ қатынастарын қарастырады

- A) акционерлік қоғам
- B) мемлекеттің
- C) 1 және 2 топ мүгедектері
- D) фермерлік қожалықтар
- E) шағын кәсіпкерлік субъектілердің
- F) тек заңды тұлғалардың
- G) шаруа қожалықтардың
- H) жеке тұлғалар

25. Компьютерлерді пайдалана отырып есеп-қисаптардың көп нұсқаулық жағдайындағы ең жақсы шешімді таңдау әдісі

- A) есеп қисаптық талдамалық әдіс
- B) сараптық бағалаулар және нормативтік әдіс
- C) баланстық және бағдарламалық мақсатты әдіс
- D) экономикалық-математикалық әдіс
- E) кәсіпорынның ақша әдісі
- F) капитал әдісі
- G) қаржы әдісі
- H) негізгі әдісі

26. Акционерлік қоғамның акциясына төленетін пайыздық мөлшерлеме

- A) пайыз
- B) дивидент
- C) қоғам
- D) ақша
- E) вексель
- F) нарық
- G) дебет
- H) кредит

27. Кәсіпорынның қаражаттарды икемді пайдалану қабілеттілігі, қаржылық тәуелсіздігі – бұл

- A) ағымдағы қаржы
- B) тез қаржы
- C) табыс қаржы
- D) шығын қаржы
- E) сұраныс қаржы
- F) абсолютті қаржы
- G) қаржы тұрақтылығы
- H) ғылыми қаржы

28. Запастарды өтеу үшін, қалыптыға қарағанда қосымша өтем көзі керек болады – бұл

- A) кәсіпорынның қалыпты тұрақтылығы
- B) кәсіпорынның тұрақсыз жағдайы
- C) кәсіпорынның дағдарыстағы жағдайы
- D) кәсіпорынның абсолютті тұрақтылығы
- E) кәсіпорынның ақша тұрақтылығы
- F) кәсіпорынның капитал тұрақтылығы
- G) кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы
- H) кәсіпорынның негізгі тұрақтылығы

29. Тиімділік деп кәсіпорын қызметі тиімділігінің ең басты экономикалық көрсеткіші кәсіпорынның тапқан пайдасы

- A) кәсіпорынның қаржысы
- B) өнімді тағайындау сатысы
- C) кәсіпорынның нарық құны
- D) сатылған өнімнің өзіндік құнына қатысы
- E) нарық сату бағыты
- F) өндірістің негізгі, айнымалы қорларының құнына қатысы

30. Пайда көлемін анықтау қандай әдістермен жүргізіледі, яғни пайда белгілі бір нысандарды атқарады

- A) пайда ынталандыру нысаны
- B) кәсіпорын қызметінің нәтижесіне жетуде экономикалық тиімділікті сипаттайды
- C) пайда бюджеттің түрлі деңгейін қалыптастырудың бірден бір көзі
- D) рентабельдік шегі арасындағы айырма мен қаржыдан
- E) тауарлы өнімнің құрамына жатпайтын басқа өнімдерден және қызмет көрсетуден түскен пайда немесе зиян
- F) сатудан түскен түсім және өнім жолы

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Кредит берілгенде жылына 20% есептік ставкасымен анықталатын операцияның нақты кірістілігі қамтамасыз етілуі тиіс. Кредит жарты жылға беріледі, сол уақытта инфляцияның индексі 1,03 құрайды деп болжайық. Инфляцияның әсерінен орнын толтыратын есептік ставканың мағынасын есептеңіз.

31. Тұрақты және айнымалы жиынтық шығындар қосындысы

- A) жалпы жиынтық шығындар
- B) орташа жиынтық шығындар
- C) шекті жиынтық шығындар
- D) қаржылық жиынтық шығындар
- E) табыс жиынтық шығындар

32. Экономикалық шығындардың түсінігі

- A) жалпы жиынтық шығын - пайда
- B) жалпы жиынтық шығын \* пайда
- C) жалпы жиынтық шығын / пайда
- D) жалпы жиынтық шығын + пайда
- E) табыс

33. Бұл өндірісті ұйымдастыру және өнімді өткізу бойынша кәсіпорын жұмсайтын барлық шығындары

- A) тұрақты шығындар
- B) венчурлық шығындар
- C) жиынтық шығындар
- D) тура шығындар
- E) жанама шығындар

34. Инфляцияның әсерінен орнын толтыратын есептік ставканың мағынасын есептеңіз

- A) 20%
- B) 25,24%
- C) 29%
- D) 21%
- E) 26%

35. Өзіндік капитал/ баланс валютасы

- A) Меншік коэффициенті
- B) Қаржы тәуелділігінің коэффициенті
- C) Дивиденд нормасы
- D) Кредитордың қорғалу коэффициенті
- E) Меншікті капиталдың пайдалылық коэффициенті

**2-жағдаят**

**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Сатудан түскен табыс = 1 млн.тенге

Қызметтерден түскен табыс = 150 мың. теңге

Төленген салықтар = 150 мың теңге

36. Өткізілген тауарлардың, атқарылған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны

- A) өткізуден түсетін табыс
- B) ұсыныстан түсетін табыс
- C) тепе-теңдіктен түсетін табыс
- D) сұраныстан түсетін табыс
- E) табыс

37. Жылдық жиынтық табысқа салық төлеуші табыстарының бір түрі

- A) сұраныстан түсетін табыс
- B) ұсыныстан түсетін табыс
- C) тепе-теңдіктен түсетін табыс
- D) өткізуден түсетін табыс
- E) табыс

38. Таза пайда

- A) Бұл салық салынғаннан кейінгі пайда
- B) Жалпы кіріс
- C) Салық салынғанға дейінгі пайда
- D) Сатудан түскен пайда
- E) Сатудан түскен және табысқа салынған салықтардан кейінгі пайда

39. Жалпы табысты анықтау

- A) 135 000
- B) 700 000
- C) 687 000
- D) 995 000
- E) 485 000

40. Қаржы жылы кезеңін көрсетіңіз

- А) Бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі
- В) Бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 30 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі
- С) Бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 1 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі
- Д) Бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 1 қарашада аяқталатын уақыт кезеңі
- Е) Бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 30 наурызда аяқталатын уақыт кезеңі

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***